

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Е.Б. Тыныбек

Журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының  
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 Машеков С.А.

« 21 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**


Тақырыбы: «Журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі  
цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Е.Б. Тыныбек

Ғылыми жетекші  
физ.-мат.ғыл.канд.,КТкаф.  
қауым.профессоры

 Б.А. Байтимбетова

« 20 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.д., профессор

Машеков С.А.

“17” “11” 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Тыныбек Еркежан Бекенқызы

Тақырыбы : «Журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б  
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: журнал 1: басылымның

форматы=84×108<sup>1/16</sup>; V(ф.б.т.)=4; T=3 мың; H=120; M=12; Бояулығы:4+4;

журнал 2: басылымның форматы=70×108<sup>1/16</sup>; V(ф.б.т.)=6; T=5 мың;  
H=100; M=12; Бояулығы:4+4;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім

б) Еңбекті қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): Сызба

материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан,

жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, техника-

экономикалық көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет атаудан 14 атаудан тұрады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	физ.-мат.ғыл.канд.,КТкаф. қауым.профессоры Б.А.Байтимбетова	20.05.19	<i>Байим</i>
Ереже бақылау	КТ каф. лекторы Толыбаева Ж.Ж	21.05.19	<i>Толыбаева</i>

Ғылыми жетекші *Байим* Б.А. Байтимбетова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *ЕБ* Е.Б. Тыныбек

Күні «15» 11 2019 ж.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басылымның техникалық сипаттамасы	10
1.2	Басуға дейінгі процесте өнім даярлаудың технологиялық үрдісі	11
1.3	Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру	12
1.4	Басуға дейінгі процесте қолданылатын негізгі жабдықтарды таңдау	14
1.5	Басуға дейінгі процесте қолданылатын материалдар	18
1.6	Технологиялық есептеулер	20
1.7	Қойма шаруашылығы	26
2	Еңбекті қорғау бөлімі	29
2.1	Жарықтандыру нормалары, жасанды жарықты есептеу	32
3	Экономикалық бөлім	34
3.1	Күрделі (бірреттік) шығындар	34
3.1.2	Ағынды үлестірімдер (айлық шығындар)	37
	Қорытынды	46
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47
	А қосымша	

## АҢДАТПА

Дипломдық жобада журналдарды шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімі жобаланады.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;
- экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі процесс толық қамтылып, жобаланған өнімге сипаттама беріледі. Өнімнің басуға дейінгі операциясы бойынша есептері шығарылып, сәйкесінше кестеге толтырылды. Кестелерде жылдық жүктемесі, қажетті жабдықтар, материалдар саны және өндірістегі жұмысшылар санының есептеулері көрсетілген. Сонымен қатар, өнімді даярлаудың технологиялық сұлбалары көрсетіліп, қолданылатын жабдықтардың техникалық сипаттамасы берілген.

Еңбекті қорғау бөлімінде өндірістік қауіпті және зиянды факторларға талдау жасалып, өндірістегі қолайсыздықтар және оларды шешу мәселелері қарастырылған, жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және денсаулық мәселелері қарастырылған.

Жобаның экономикалық бөлімінде негізгі қор, жұмысшылардың жалақылары, жылдық жалпы пайда, таза пайда, шығындар, амортизациялық есептеулер және кәсіпорынның тиімділігі көрсетілген.

Түсіндірме жазба 45 беттен, 29 кестеден, 33 формуладан тұрады.

Дипломдық жобаның сызбалық бөлімі келесі сызбалардан тұрады:

- технологиялық сұлба;
- цех жоспары;
- жүктер ағымы;
- эвакуациялық план;
- техника-экономикалық көрсеткіштер.

## АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте разрабатывается проектирование технологическая часть типографии допечатного цеха по выпуску журналов.

Дипломный проект состоит из следующих частей:

- технологическая часть;
- безопасность и охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части полностью рассматривается допечатный процесс, дается описание продукции. Приведены расчеты по допечатным операциям и соответственно заполнены в таблицы. Приведены таблицы расчетов годовой загрузки производства, расчет необходимого количества оборудования, материалов и расчет количество работников в производстве. Наряду с этим приведена технологическая схема изготовления продукции и технические описания используемых оборудования.

В разделе «охрана труда» проанализированы производственно-опасные и вредные факторы, рассмотрены проблемы здоровья и безопасности условий труда рабочего персонала.

В экономической части проекта приведены расчеты амортизации, основной фонд, зарплаты рабочего персонала, общая годовая прибыль, чистая прибыль, расходы и рентабельность предприятия, срок окупаемости.

Пояснительная записка состоит из 45 страниц, 29 таблиц, 33 формул.

Графическая часть дипломного проекта состоит из следующих чертежей:

- технологическая схема;
- план цеха;
- грузопотоки;
- план эвакуации
- технико-экономические показатели.

## THE SUMMARY

In this diploma project was elaborated the design of the technological part of prepress process for the production of magazines.

The diploma project consists of the following parts:

- technological part;
- the safety and labor protection;
- the economic part;

In technological part prepress process was completely considered and was given description of production. There were given calculations for prepress process and accordingly filled in tables. There were listed tables calculations of annual loading of production, calculation of required number of equipments and materials, calculation of number of workers in the production. At the same time there were given technological schemes of the production preparations and descriptions used equipments.

In the section safety and labor protection were analyzed production – dangerous harmful factors, were considered the inconvenience and their solutions.

In the economic part of project are calculations of depreciation, fixed capital, salaries of staff, the total annual profit, net profit, costs and profitability of the company.

The explanatory note consists of 45 pages, 29 tables, 33 formulations.

The graphic part of diploma project consists of the following drawings:

- technological system;
- plant plan;
- cargo flows;
- escape plan;
- technical and economic indicators.



## КІРІСПЕ

Өндірістік процестің негізгі бөлігінің бірі – басуға дейінгі технологиялық процестер болып табылады. Процестерді орындау үшін бағыты, автоматизациясы, технологиялық мүмкіндігі және өнімділігі жағынан түрлі жабдықтар қолданылады. Басуға дейінгі процесс – өндірісте басылатын өнімдерді басуға дайындау технологиясы мен іс-әрекеттің үйлесімділігі. Бұл процеске мәтінді өңдеу және түзету, бейне және фотографиялармен жұмыс істеу, сканерлеу, түс бөлу, макеттеу, беттеу және басу формасын алу кезеңдері кіреді.

Полиграфияның ірі саласының бірі – журнал өнімдерін шығару болып табылады. Журнал – мерзімді басылым өнімі, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Журнал (французша *journal*) газетпен салыстырғанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайды, өзінің ұстанған көркемдік бағытына орай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеді. Жобада көпшілік оқырманға арналған журнал өнімі жобаланады. Бұл журнал өнімі оқырманға өте қызықты ақпарат бере алады, сонымен қатар, оның жан-жақты біліктілігін арттырады.

Тапсырыс тапсырыс берушіден компакт-дискке сақталып келеді. Тапсырыс құрамында мәтіндер мен графикалық файлдар, версткалық файлдар болады. Барлық материал PDF форматына конверттеліп, сосын баспаның файл серверіне көшірмесі сақталады. Келген файлдар бағдарламалық камсыздандырумен түзетіледі. Қателер көп болған жағдайда, тапсырыс берушіге тапсырысты қайта өңдеуге қайтарып береді.

Басуға дейінгі жұмыстардың функциялары іс-тәжірибеде компьютерлік желілер және жүйелер ортасында орындалады, бұл компьютерлік желілерде, мәліметтер базаларында, арнайыландырылған жұмыстық станциялар мен процессорлар ортасында жұмыс істеу дағдысын итеретін жүйелік операторлар ретінде атқарушылардың біліктілігін анықтайды.

Олардың функцияларына алғашқы файлдарды қарап түзетуге, алғашқы файлдарды технологиялық форматқа ауыстыруға, әзірленген мәліметтерді тексеруге (*preflighting*), құжаттарды сығу, сілтеме және архивтеу операторларын орындауына және т.б байланысты қосалқы операцияларды орындау кіреді. Басуға арналған алғашқы құжаттар препресс-қызметтерімен кіру мәліметтері ретінде қабылданады. Оларды өңдеу цифрлық жұмыстық ағымды басқарудың бірінші кезеңін анықтайды. Мұнда алғашқы материал қателіктерін басуына тексеріледі де, форманың форматы арнайы файл – серверіне жүктеледі. Бұл серверде беттеулік пакеттердің әртүрлі версиялары, пайдаланатын қаріптер, қажетті сілтемелер орналасады. Келесі сатыда түс сынама алынады. Беттерді Harlequin RIP фирмасының High Water Designs сияқты бағдарламалармен растрлейді. Түс сынама алынып болған соң, PDF файлдарына треппинг жасалынады. Одан кейін беттерді орналастырып, дәптерлерді жинақтайды. Бағдарламады алынған дәптерді Ctr-ға жібереді.

## 1 Технологиялық бөлім

### 1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы

Өнім түріне байланысты кез-келген полиграфиялық өнімге басылымның техникалық сипаттамасы дайындалады. Жобада баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалауында қарастырылатын журнал өнімдерінің техникалық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

#### 1 Кесте – Жобаланған басылымдардың техникалық сипаттамасы


Көрсеткіштердің атауы және сипатталуы	Басылымның топтау мағынасы	
	I басылым	II басылым
Жұмыстың ауысым режимі	II	II
Технологиялық көрсеткіштер		
Басылымның түрі	Журнал	Журнал
Өндіріске келетін басылым түпнұсқасының түрі	CIP 3 (PPF)	CIP 3 (PPF)
Басылымның негізгі бөлімінің, қосымша бөлшектерінің басу түрі	Офсеттік	Офсеттік
Басу жұмысының күрделілік тобы және бейнелердің түрі	II, стохастикалық растрлану	II, стохастикалық растрлану
Басылымның бояулығы	4+4	4+4
Мұқабаның бояулығы	4+4	4+4
Жылдағы басылымның атау саны	120	100
Жылына бір басылымның мерзімділігі	12	12
Басылымның орташа таралымы, мың дана	3	5
Техникалық көрсеткіштер		
Басылымның форматы	84×108	70×108
Табақтың бөлшегі	16	16
Блок көлемі: физикалық басу табақта қағаз табақта	4 2	6 3
Дәптер саны (толық және толық емес)	2	3
Бір дәптердегі бет саны	32	32
Табақтарды бүктеу түрі	Перпендикуляр	Перпендикуляр
Шрифт гарнитурасы: негізгі мәтін қосымша мәтін	Times New Roman Times New Roman	Times New Roman Times New Roman
Теру беттерінің өлшемдері, кв	$9 \frac{1}{2} \times 12 \frac{1}{4}$	$7 \frac{3}{4} \times 12 \frac{1}{4}$
Иллюстрациясы	түрлі-түсті	түрлі-түсті

## 1-кестенің жалғасы

Көрсеткіштердің атауы және сипатталуы	Басылымның топтау мағынасы	
Шрифт кеглі: негізгі мәтін кеглі қосымша мәтін кеглі	12 п 10 п	12 п 10 п
Басуға арналған қағаз (түрі, номер, марка, массасы)	Офсеттік	Офсеттік
Блоктарды жинақтау әдісі	Бірінің үстіне бірін қойып	Бірінің үстіне бірін қойып
Басылымның бекіту түрі	Тікпей желім	Тікпей желім
Мұқабаның түрі және түптеу қабының түрі	№ 3	№ 3

### 1.2 Басуға дейінгі процесте өнім даярлаудың технологиялық үрдісі

Басуға дейінгі процесте өнім даярлаудың технологиялық үрдісінің жалпы сұлбасы 1-суретте көрсетілген [2].



# 1 Сурет – Басуға дейінгі процессте өнім даярлаудың технологиялық үрдісінің жалпы сұлбасы

## 1.3 Таңдалған технологиялық процессті талдау және орнықтыру

Басылым өнімін өндіруде дәстүрлі басуға дейінгі процесстер үш кезенді камтиды және үш бөлімге бөлінеді:

- мәтінді теру, яғни мәтінді даярлау;
- көп бояулы басылым үшін түс бөлу сурет қалыбын даярлау, графикалық түпнұсқалармен бейнелерді ұдайы өндіру;
- басу форманы даярлау және монтаждау, яғни полосаға және басылым параққа мәтінді, бейнені, графикалық бөлшектерді бір тұтас қылып жинақтау, содан кейін басу машинаға, ақпарат тасушы форма дайындау.

Түпнұсқа (оригинал, макет) – полиграфиялық техниканың көмегімен басып шығаруға арналған мәтіндік және бейнелік материалды айтады. Түпнұсқа автордың немесе авторлық ұжымның шығармашылық еңбегінің нәтижесі болып саналады. Барлық баспаханалық түпнұсқалар мәтіндік және бейнелік болып бөлінеді.

*Түзету.* Мәтінді түзету – түзетілетін таңбада арнайы түзету таңбаларын пайдаланып қате табу және түзету операцияларының жиынтығы. Түзету операциясы түпнұсқа бойынша форма даярлау процесінен кейін міндетті түрде жүргізіледі. Беттелген жолақ табақтарына қол қойылғаннан кейін, барлық түзетулер қол қойылған таңба бойынша жүргізіледі.

*Бейнені өңдеу.* Бейнелік ақпаратты компьютерге енгізу үшін сканер және сандық фотоапараттар қолданылады. Бұл құралдар бейнені нүктелерге бөліп санайды да, әр бейне нүктесінің оптикалық тығыздығын сараптап, оның өлшемін екілік сандық кодқа айналдырады. Мұнда түсті бейненің негізгі түстерге ауысуы жүреді. Әр түс үшін бейне туралы сандық ақпарат графикалық станцияға келіп түседі. Бейнелік ақпараттың графикалық станция компьютеріне түсуі электрондық түрде немесе басқа ақпаратты өңдеу жүйелерімен байланысу арқылы іске асады.

Компьютерлік құралдар полиграфиялық құралдарға жатпайды, ол тек басуға дейінгі процессте өз қолданысын тапқан.

Сканер – жазық объектідегі (әдетте қағаз, пленка немесе фотоқағаз) мәтінді, суретті, слайдтарды, фотосуреттерді компьютердің мониторуна енгізу құралы. Сканер бейнені есептегенде түрлі оптикалық тығыздықтағы нүктелер жиынтығы ретінде береді. Бұл нүктелердің оптикалық тығыздығының дәрежесі туралы ақпарат сұрыпталып, екілік сандық формаға келтіріліп әрі қарай өңдеуге жүйеге енгізіледі. Бейнені сұрыптау сканерлеу әдісімен іске асады.

*Түске бөлу.* Баспаханалық беттеу және жолақтарды макеттеу бағдарламалары, графикалық редактор Corel Draw және растрлы графика бағдарламасы PhotoShop түске бөлу параметрлерін екі әдіске бағыттауға мүмкіндік береді. Біріншісі, түске бөлудің барлық параметрін енгізу, екіншісі шығару құрылғы-сының түстік профилін беру.

Түске бөлуді реттеу бояу және қағазға сәйкес дұрыс түстік профиль таңдау. Түс профилін бейне-режим-түс СМҮК таңдау көмегімен белгілейді.

*Беттеу процесі.* Беттеу – форма даярлау процесіндегі негізгі операцияның бірі. Бұл операция белгілі форматтағы кітап және журнал беттерін құрудан тұрады. Мәтін мен бейне орналасуына байланысты басылым сапасы анықталады.

Жинақтау мен макеттеу жүйелері пайдаланған жағдайда принтердің типін білген дұрыс, өйткені шрифтердің түрлері сол принтердің тағайындалуына байланысты болады. Макеттеу мен жинақтау жүйесінде қандай сүзгіште өңделді сол маңызды болады. Сүзгіштердің маңыздылығы мәтінмен графикалық файлдарды сәйкес редакторлауға көмектеседі. Макеттеу мен жинақтау жүйесі (Adobe Indesign типі) техникалық және көркем редакторларына видеомониторда болашақ публикацияның эскиз макетін көруге мүмкіндік береді.

Adobe Indesign – беттерді макеттеу (беттеу) бағдарламасы. Бағдарламалармен интеграцияланған қолданбалы пакетті құрайды. Пакет платформаны пайдаланады да Windows ОС сияқты, Macintosh ОС форматында істейді. Indesign бағдарламасы жұмыстық ағымды аса тиімді ұйымдастыруымен ерекшеленеді. Illustrator және Photoshop форматтары ортасының өзінде операцияларды орындауға мүмкіндік береді. PDF форматында ғана емес, веб-форматта да беттерді жинауды ұстауға мүмкіншілік береді.

*Түс сынамасы.* Келесі сатыда түс сынамасы алынады. Беттерді Harlequin RIP фирмасының High Water Designs сияқты бағдарламалармен растрлейді. TIF форматында келген файлдарды түс сынама алу бағдарламалары (Black Magic Pro фирмасының Serendipity Software) арқылы оттиск алуға жібереді.

Түстік бейне үшін арналған жабдық және технологиялық процесс түс сынамасы болып табылады. Түс сынамасы сандық, жұмсақ, қатты, контрастты және аналогты болып бөлінеді. Түс сынамасы көмегімен басу таңбасы туралы біршама жақын көрініс алуға болады. Түс сынамасын жекеше жабдық ретінде қарайды немесе дамыған полиграфиялық өндіріс құраушысы деп алуға болады.

Бірінен кейін бірі екі рет басылған таңба екі түрлі болып алынады. Қазіргі кезде түс сынамасының төрт түрі қолданылады: экрандық, сандық, аналогты және сынама басу.

*Электронды монтажда беттерді орналастыру.* Қазіргі таңда электронды монтажда беттерді орналастыру кең қолданысқа ие. Бұл операция көптеген қосымша жұмыстарды жеңілдетеді. Беттеуден кейін барлық беттердің дұрыс орналасқанын, жинақталғанын көру керек.

Плоттер – үлкен дәлдікпен қиын сызбалар, бейнелер, сұлба, карта басқа да графикалық ақпараттарды автоматты түрде сызып көрсететін құрылғы. Оның көмегімен болашақ таңбаның бояулар сәйкестігін, беттердегі колонцифрлардың дұрыс орналасуын тексеруге болады.

*Computer-to-Plate технологиясы* (компьютер – басу формасы) бұл басу формасының жасалуы, оның бетінде бейненің түзілуі компьютерден тікелей берілген сандық ақпарат негізінде жүзеге асады. Стр мәні жағынан, бейне-

кескінді формалық материалға тікелей жазу әдісімен басу технологиясы. Бұл процесс бір немесе бірнеше лазерлер көмегі-мен іске асырылады. Ол лазерлер дәстүрлі технологияда қолданылатын лазерлерден өте дәлірек болу керек, өйткені әрбір пластина белгілі бір цифрлық мәліметтер бойынша жасалынған бірінші түпнұсқалық көшірме болады. Нәтижесінде нүктелердің анық айқындылығы, дәлірек сәйкестендірілуі, алғаш-қы бейне-кескіннің реңділігін дәлірек қайта шығару, растрлық нүктелердің қайтадан таңбалануы аз болады, басу машиналарында әзірлеу мен сәйкестен-діру жұмыстары өте тез жүргізіледі.

Стр технологиясын өндіріске енгізу мынандай артықшылықтарды береді:

- 1) Басу формаларын жасаудың технологиялық цикл уақыты қысқарады.
- 2) Фотоматериалды өңдеу операциялары болмайды.
- 3) Формалық пластиналарға көшірмелеу операциялары болмайды.
- 4) Экспозицияланған формалық пластиналарды өңдеу операциялары болмайды.

*Сынама-бақылау таңба алу.* Сигналдық дана дегеніміз – бақылау таңба алу үшін шығарылатын өнімнің ең бірінші данасы.

#### **1.4 Басуға дейінгі процесте қолданылатын негізгі жабдықтарды таңдау**

Басуға дейінгі процесте басылымдарды дайындау жүйесінің құрылу негізіне дұрыс ұйымдастыру жатады, барлық технологиялық операцияларды енгізу, бейнелік ақпаратты өңдеу, бір-бірімен байланыста бірдей өлшемдегі параметрлі әртүрлі басқару процесі пайдаланылады.

Барлық техникалық және бағдарламалық параметрлері, аппаратты және бағдарламалық бір-бірімен байланыста, жүйенің өнімділігінің мүмкіндігі максималды болады. Барлық басуға дейінгі технологиялық процестің дайындау кезеңі 3-ке бөлінеді:

- компьютерге бейнелік және мәтіндік ақпараттарды енгізу;
- бейнені компьютерлік өңдеу, беттеу, шығаруға дайындау, растрлау және бейнені шығару;
- басылым формасын дайындау.

Жобаланған өнімдерін шығаратын баспаханада жоғарыда аталған бағдарламаларды қолдана отырып өнім шығару үшін ASUS Vivo V220IBUK-BC055X компьютерін қолданамыз.

Моноблок ASUS Vivo V220IBUK-BC055X 4 ядролы Intel процессормен және үлкен жедел жадымен жабдықталған. Көптапсырмалы жұмысты тез орындаумен ерекшеленеді. USB порты компьютер ішіндегі мәліметтермен жылдам алмаса алады. Камерасы, пернетақта, жүйелі блок бәрі бір комплектіде орналасқан. Full HD экран құрылғысы жоғары технологиялы матрицамен және түсті диодты жарықпен жасалған. Соның арқасында ондағы бейне анық, контрасты және қанық болады. ASUS Vivo V220IBUK-BC055X компьютерінің техникалық сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген [4].

**1 Кесте – ASUS Vivo V220IBUK-BC055X компьютерінің техникалық сипаттамасы**

Параметрлері	Көрсеткіштері
Операциялық жүйе	Windows 10 Домашняя 64
Экран диагоналы, см	21.5/54.6
Диагональ/ажыратымдылық, Пикс	21.5/1920×1080
Матрица ажыратымдылығы, МПикс	1
Процессордың өндірушісі	Intel
Процессор типі, ГГц	Pentium N3700/1,6
Ядроның саны, дана	4
Тактінің максималды жиілігі, ГГц	2,4
Кэш-жады, Мб	2
Жедел жады (RAM), Гб	4
Максималды жедел жады, Гб	8
Жедел жады типі	DDR3L
Жады жиілігі, МГц	1600
Қатты диск (HDD), Гб	500
Привод (ODD)	DVD+/-RW
Жүйелі блок қуаты, Вт	65
USB порты 2.0 тип А, дана	2
USB порты 3.0 тип А, дана	4
LAN разъем (RJ45), дана	1
Карта жадысының типі	SD, SDHC, SDXC
Габариті, мм	410×520×180
Салмағы, кг	7

Canon CanoScan 9000F Mark II ірі өлшемді сканер, ірі түсті гаммалы және 7 секундта түсті бейнелерді жақсы жылдамдықта сканерлеу. Жетістігі:

- бірбояулы және көпбояулы техникалық құжаттардың жоғары жылдамдықта сканерленуі;
- оптикалық тығыздығы 1200 dpi және ірі көлемді түпнұсқалардың модельдерінің сканерленуі;
- бейненің ұсақ элементтерінің жақсы байқалуы;
- CanoScan 9000F модель құрамында ірі көлемді тасушыларды өткізуге арналған функциясы бар. Реттеу тетіктермен іске асырылады;
- сканер шынысы химиялық өңдеуден өткен, соғылуға тұтқырлы, сызаттарға мықты. Canon CanoScan 9000F Mark II сканерінің техникалық сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген.

**2 Кесте – Canon CanoScan 9000F Mark II сканерінің техникалық сипаттамасы**

Параметрлері	Көрсеткіштері
Сканер сериясы	CanonScan
Сканер типі	Планшетті
Матрица	CCD

2- кестенің жалғасы

Параметрлері	Көрсеткіштері
Сканерлеу	Түсті
Сканерлеудің типі	Бірөтпелі
Түстідиодты лампа	White LED
Документ розмірі	A3
Сканерлеу аймағы, мм	297×420
Сканердің оптикалық ажыратымдылығы, т/д	4800×4800
Пленканың оптикалық ажыратымдылығы, т/д	9600×9600
Суретті сканерлеу жылдамдығы, сек	7
Қуаты, Вт	15
Windows жұмысы	XP, Vista, Windows 7.8
Mac Os жұмысы	X 10.6.8 және одан көп
Байланыс интерфейсі	USB 2.0
Программалық қамтамасыздандыру	Комплектіде
Габариті, мм	110×270×480
Салмағы, кг	4,6
Сканерлік элемент	12-линиялық түсті CCD датчик

*OKI C910 принтері.* A3 форматындағы ультра-сенімді түрлі-түсті принтері коммерциялық баспаның мамандарына және дизайн-топтарға мінсіз құрал. Жаңа тонер және жаңа фотобарабардармен қамтамасыз етілген керемет сапа береді. Фактуралық дизайнерлік қағазбен қоса әр-түрлі тасымалдау-шыларда басу мүмкіншілігі бар. C910 тиімді және A3 форматындағы сенімді принтер үнемі үздіксіз ұқыпты, жоғары сапалы түрлі-түсті таңбалармен қамтамасыз етеді. Таң қаларлық қарапайым бағасына қарамастан түрлі-түсті жылдам баспа, түс берілуінің дәлдігімен және қолданысының қарапайымдылығымен қуантады.

C910 принтерінде кең спектрдегі қағаз өлшемі мен типтерін, A6 форматынан SR A3 форматына дейін және ұзындығы 1200 мм болатын баннерлерді қолдануға болады. Қағаз тығыздығының диапазоны 64 пен 300г/м<sup>2</sup> аралығында. OKI C910 принтерінің техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген.

**3 Кесте – OKI C910 принтерінің техникалық сипаттамасы**

Параметрлері	Көрсеткіштері
Түрлі-түсті басу жылдамдығы - тах (формат A3) (бет/мин)	16
Бір түсті басу жылдамдығы - тах (формат A3) (бет/мин)	20
Басудың типі	Түсті басылымдар
Бояулар саны	4
Түстік басылымдарға максимум тығыздығы	4800×1200 dpi
Қағаз тығыздығы, г/м <sup>2</sup>	64-300
Айлық жүктемесі тах/ұсынылған, табақ	150,000 / 15,000-5,000
Дуплекс (duplex)	Опция бойынша



### 3-кестенің жалғасы

Параметрлері	Көрсеткіштері
Процессор	PowerPC 750 800MHz
Интерфейстер	Hi-Speed USB & 10/100/1Gb -TX Ethernet
Тұтынылатын қуат, Вт шекті/басу/күту/power save	1500/750/200/33
Салмақ, кг	76
Өлшемдері, мм	654×623×471

*SummaCut D120R (пломмер).* SummaCut сериясы – қол жетімді бағамен алынатын, жан-жақты мүмкіндіктері бар қазіргі кезде қолданылатын плоттер түрі. Плоттердің жоғарғы өнімділігі, нақтылығы, сенімді, жоғарғы сапалы өнімдерді шығаруы – нарықта көшбасшы болуға итермелейді. Кесу жолының максимальды ені 50 метрге дейін. Плоттер басқа да мүмкіндіктерге ие, яғни құрамында OPTiCUT функциясы, TurboCut функциясы (өнімділігін 40%-ға дейін жоғарлатуға), USB интерфейсі және сонымен қатар қалың (0,8 мм-ге дейін) және өте жұқа (0,05 мм) материалдарды еш кедергісіз кеседі.

SummaCut D120R плоттерінің техникалық сипаттамасы 4-кестеде берілген.

### 4 Кесте – SummaCut D120R плоттерінің техникалық сипаттамасы

Параметрлері	Көрсеткіштері
Көлденеңнен кесу жылдамдығы, мм/сек	1-131
Үдеткіші, g	3
Пышақ	Флюгерлі
Пышақ қысымы, гр	0-ден 400
Нақтылық, мм	±0,1
Материал қалыңдығы (стандарттыпышақ), мм	0,05-0,25
Материал қалыңдығы (Sandblast пышағы), мм	0,8
Кесілу ені, мм	1200
Кесілу ұзындығы, м	50
Пленканың максимальды ені, мм	1280
Есте сақтау, Мб	2
Интерфейс	USB 1,1, Serial RS-232
Басқару тілі	Summa DM/PL, HP-GL
Электрөткізу қабілеті	100-130 В/220-240 В, 48-62 Hz
Габариттік өлшемі (Ұ×Е×Б), мм	1590×682×1050
Салмағы, кг	62
Қуаттылығы, Вт	60

CRON UVP-4632DX СтР басуға дейінгі цехтың заманауи құрылғысы болып табылады. Басу формасын автоматты түрде шығаруымен ерекшеленеді. Лазерлі диодпен және жоғары қуатпен жабдықталған. Құрылғы сәулесезгіш фотополимерлі қабат жағылған пластинаны экспонерлеуге 5,3 кВт қуатты құрылғы. Жүйе басылым қалыңдығы 0,15-ден 0,3 мм-ге дейінгі пластиналарда

жасалады. CRON UVP-4632DX Стр техникалық сипаттамасы 5-кестеде көрсетілген.

### 5 Кесте – CRON UVP-4632DX Стр-ның техникалық сипаттамасы

Параметрлері	Көрсеткіштері
Пластинаның максималды размері, мм	1160×940
Пластинаның минималды размері, мм	450×370
Пластину қалыңдығы, мм	0,15-0,30
Экспонерлейтін пластину типі	Аналогты, ультра-күлгін
Лазерлі канал саны	32
Лазер толқының ұзындығы, нм	400-410
Позициялау	Автоматты
Позициялау нақтылығы, мм	0,01
Салқындату және ауаны тазарту	Бірге
Вакуумды қысу	Бар
Пластинаны автоматты жүктеу, пластину	50/100
Ажыратымдылығы, dpi	1800/2400/2540/2800
Өнімділігі, форма/сағ	20, 2400 dpi
Жүргізілу нүктесі, %	1-99
Жұмыс істеу температурасы, °С	18-25
Рұқсат етілген ылғалдылық, %	20-8
Электропитание, В; Гц; кВт	220; 50/60; 5,3
Габариті, мм	1895×1050×1070
Салмағы, кг	1240

### 1.5 Басуға дейінгі процесте қолданылатын материалдар

*Айқындау ерітінділері.* Арнайы қызметтегі қосымша полиграфиялық материалдар болып саналады. Олар формалық пластиналардың көшіру қабаттарын сәуле әсерінен тигізгеннен кейін айқындауды жүргізу үшін қолданылады.

Айқындау ерітінділері керекті сулануды және айқындау жылдамдығын қамтамасыз ету керек, формалық пластину бетіндегі микрорельефты қабатты еріту керек, ашық элементтердің гидрофильдік және басылым элементтердің гидрофобты қасиеттерін жоғалтпай керек, керекті жұмыс сыйымдылыққа ие болу керек, экологиялық нормаларға сәйкес болу керек, қабат астына коррозиялық әсерлесуды болдырмау керек. Айқындағыштың жұмыс сыйымдылығы берілген көлемде айқылданған көшірмелердің айдандарының қосындысымен анықталады. Шамамен кететін шығын 1м<sup>2</sup> өңделетін ауданға 120 мл ерітінді жұмсалады. Қышқылдату әсерінен айқындағыштың ауамен ұзақ қатынаста болу оның өзіндік қасиеттерін жоғалтуға мүмкіндік береді. Оның жарамсыздығын электрөткізгіштің өзгеруі-мен түсіндіреді. Айқындау ерітінділері керекті сулануды және айқындау жылдамдығын қамтамасыз ету керек, формалық пластину бетіндегі микрорельефты қабатты еріту керек, ашық элементтердің гидрофильдік және басылым элементтердің гидрофобты

қасиеттерін жоғалтпай керек, керекті жұмыс сыйымдылыққа ие болу керек, экологиялық нормаларға сәйкес болу керек, қабат астына коррозиялық әсерлесуды болдырмау керек. Жұмыс сыйымдылығы – басу фор-масының көрсеткіштерін өзгертпей көп көлемде көшірме алуға мүмкіндік. Шамамен кететін шығын 1м<sup>2</sup> өңделетін ауданға 120 мл ерітінді жұмсалады. Қышқылдату әсерінен айқындағыштың ауамен ұзақ қатынаста болу оның өзіндік қасиеттерін жоғалтуға мүмкіндік береді. Оның жарамсыздығын электрөткізгіштің өзгеруімен түсіндіреді.

*Пластина.* AGFA Engage позитивті пластинасының техникалық сипаттамасы 6-кестеде көрсетілген [5].

## 6 Кесте – AGFA Engage позитивті пластинасының техникалық сипаттамасы

Параметрлері	Көрсеткіштері
Қолданылу аймағы	Коммерциялық парақтық басу, ультра-күлгінді басу (күйдірілумен)
Дайындау технологиясы	Екі қабатты технология
Экспонирлеу энергиясы, мДж/см <sup>2</sup>	115 ± 15
Айқындауыш	THD200
Айқындауыш регенераторы	THR200
Күйдіруге қажетті гуммилау	RC510, Unifin
Айқындау уақыты, сек	22 ± 2
Айқындау температурасы	23±1C (> 200 Ipi және 280 Sublima; FM)
Термо өндеу	
Жылжымалы күйдіру	260-270 °C температурада, минималды уақыты 90сек
Жылжымайтын күйдіру	250 °C температурада 5мин
Күйдіруге арналған гуммилау	RC510 немесе Unifin
Пластинаның қолдану химикаттары	
УК-красканы қолдануға арналған пластина тазартушы	ANTURA UV Plate cleaner
Гуммилауды өшіруге арналған тазарту құралы	ANTURA Cleangum
Сырланған жерін өшіруге арналған тазарту құралы	Reviva
Сырланған жерін түзеуші карандаш	Reviva Plate pen
Түзетуші – «минус»	Engage Deletion Pen
Түзетуші – «плюс»	KC091
Көпіріктенуінің көрінісі	RC31
Пайда болған көріністі тазарту құралы	Agfa Processor Cleaner
Пластина тазартушы	ANTURA Ctp Plate cleaner
УК-красканы қолдануға арналған пластина тазартушы	ANTURA UV Plate cleaner
Гуммилауды өшіруге арналған тазарту құралы	ANTURA Cleangum



Басылымның жылдық жүктемесінің есебі 8-кестеде көрсетілген.

### 8 Кесте – Басылымның жылдық жүктемесі

Басылымның атауы	Атау саны	Табақтың өлшемі мен бөлшегі	Көлемі, ф.б.т.	Таралымы, мың дана	Бояулығы	Жылдық форма саны, мың дана
Журнал №1	120	84×108 <sup>1</sup> / <sub>16</sub>	4	3,0	4+4	23040
Мұқаба №1	120	27,5×42	2	3,0	4+4	11520
Журнал №2	100	70×108 <sup>1</sup> / <sub>16</sub>	6	5,0	4+4	28800
Мұқаба №2	100	27,5×35	2	5,0	4+4	9600
<b>Барлығы:</b>						<b>72960</b>

Формалық бөлімдегі машиналар санын анықтаудың есебі 9-кестеде көрсетілген.

### 9 Кесте – Формалық бөлімдегі машиналар санын анықтау

Жабдық атауы	Өлшеу бірлігі	Жылдық тапсырма, мың	Жабдықтың жұмыс істеу қоры, сағ	Өндіру нормасы	Жабдық саны, дана	
					есептелген	қабылданған
Компьютер	Мың белгі	440	2393	34,3	2,7	3
Бейнені өңдеу үшін компьютер	Мың белгі	66	2393	34,3	0,8	1
Плоттер	Табақ	55860	2393	13,7	0,86	1
Стр	Форма	72960	2393	15,9	0,96	1
Стр-ге компьютер	Мың белгі	66	2393	34,3	0,8	1
Сканер	Таңба	17280	2393	3,4	1,06	1
Принтер	Таңба	17280	2393	3,4	1,06	1

*Басуға дейінгі цехтың жұмысшылар санын анықтау*

Пайдалы уақыт фондын есептеу үшін мына (1) формула қолданылады:

$$F_n = F_p \cdot (1 - k_n) \quad (1)$$

мұндағы  $F_n$  – пайдалы уақыт фонды;  
 $F_p$  – жылдық режимдік уақыт фонды;  
 $k_n$  – жұмысқа шықпай қалу коэффициенті

Ол режимдік уақыт фондының шығыны болып есептеледі (егер негізгі еңбек демалысы 15 күн болса  $k_n = 0,11$ ; 18 күн болса  $k_n = 0,12$ ; 24 күн болса  $k_n = 0,14$ )

$$F_n = 2429,6 \times (1 - 0,11) = 2162 \text{ сағ}$$

Жұмысшы санын анықтау үшін мына (2) формула қолданылады:

$$R_{cn} = F_{об} \cdot m \cdot N_r / F_n \quad (2)$$

мұндағы  $R_{cn}$  – жұмысшылардың тізімдік саны;  
 $F_{об}$  – жабдықтың бір ауысымдағы жұмыс істеу фонды;  
 $m$  – ауысым саны;  
 $N_r$  – жабдықтың есептелген саны;  
 $F_n$  – пайдалы уақыт фонды.

$$R_{cn} = (2393 \times 2 \times 2,7) \div 2162 = 5,9 = 6$$

$$R_{cn} = (2393 \times 2 \times 0,96) \div 2162 = 1,9 = 2$$

$$R_{cn} = (2393 \times 2 \times 0,8) \div 2162 = 1,7 = 2$$

Басуға дейінгі цехтың негізгі жұмысшылар санының есебі 10-кестеде көрсетілген [6].

### 10 Кесте – Басуға дейінгі цехтың негізгі жұмысшылар санын анықтау

Мамандығы	Дәреже	Ауысымы	Жабдықтың есептелген саны	Жабдықтың жылдық уақыт фонды	Жұмысшының пайдалы уақыт фонды	Қабылданған саны
Оператор-теруші	5	2	0,8	2393	2162	2
Дизайнер	7	2	2,7	2393	2162	3
Монтаждаушы	5	2	2,7	2393	2162	3
СтР оператор	6	2	0,96	2393	2162	2
<b>Барлығы:</b>						<b>10</b>

Басуға дейінгі цехтың негізгі материалдар санының есебі 11-кестеде көрсетілген [7].

## 11 Кесте – Басуға дейінгі цехтың негізгі материалдар санын анықтау

Материал аты	Өлшеу бірлігі	Есеп бірлігі	Есеп бірлігіне кететін норма	Материалдың керекті саны	Материал бағасы, тг	Жалпы сомасы, мың тг
Пластина	Басу формасы	72960	1 дана	72960	2200	160512
Айқындаушы ерітінді, л	Құты (20)	72960	0,1	365	3000	1095
Гуммирлеуші ерітінді, л	Құты (5)	72960	0,05	730	1500	1095
Қағаз (А4)	500 дана	100000	1 парақ	200	1000	200
Картридж	1 жолақ	-	-	-	7500	7,5
Тонер, кг	5	72960	0,1	1459	7000	10213
Плоттерге арналған қағаз	1 рулон 30 метр	291840	1 метр	9728	500	4864
<b>Барлығы:</b>						<b>177987</b>

Басуға дейінгі цехтың негізгі жұмысшыларының жалақысының жылдық фондының есебі 12-кестеде көрсетілген.

## 12 Кесте – Басуға дейінгі цехтың негізгі жұмысшыларының жалақысының жылдық фондын есептеу

Мамандық аталуы	Дәрежесі	Саны	Айлық жалақы, мың тг		Жылдық жалақы, мың тг
			біреуі	барлығы	
Оператор-теруші	5	2	60	120	1440
Дизайнер	7	3	70	210	2520
Монтаждаушы	5	3	60	180	2160
Стр оператор	6	2	80	160	1920
<b>Барлығы:</b>					<b>8040</b>

Басуға дейінгі цехтың ИТҚ жұмыскерлердің жалақысының жылдық фондының есебі 13-кестеде көрсетілген.

## 13 Кесте – Басуға дейінгі цехтың ИТҚ жұмыскерлердің жалақысының жылдық фондын есептеу

Мамандық аталуы	Саны	Айлық жалақы, мың тг		Жылдық жалақы, мың тг
		біреуі	барлығы	
Бас директор	1	150	150	1800
Бас инженер	1	110	110	1320
Бас бухгалтер	1	115	115	1380
Цех бастығы	1	140	140	1680

13- кестенің  
жалғасы

Мамандық аталуы	Саны	Айлық жалақы, мың тг		Жылдық жалақы, мың тг
		біреуі	барлығы	
Мастер	1	100	100	1200
Корректор	1	60	60	720
Тазалаушы	1	40	40	480
<b>Барлығы:</b>				<b>8580</b>

Басуға дейінгі цехтың жабдықтар тізімі 14-кестеде көрсетілген.

**14 Кесте – Басуға дейінгі цехтың жабдықтар тізімі**

Жабдықтың аты	Саны	Габариттік өлшемі, мм	Алатын ауданы, м <sup>2</sup>		Жабдықтың бағасы, мың тг	
			біреуі	барлығы	біреуі	барлығы
Компьютер	5	0,52×0,18	0,09	0,45	216	1080
Сканер	1	0,11×0,48	0,05	0,05	70	70
Принтер	1	0,62×0,47	0,29	0,29	48,5	48,5
Стр	1	1,9×1,05	1,99	1,99	20000	20000
Плоттер	1	1,6×0,7	1,12	1,12	1000	1000
Жұмыс столы	7	0,7 ×1,2	0,84	5,88	20	140
Қатты сынама сақтауға шкаф	2	2×1,5	3	6	25	50
Қолжуғыш	1	1,1×0,8	0,88	0,88	13	13
Материал сақтауға шкаф	1	1,5×0,8	1,2	1,2	22	22
<b>Барлығы:</b>	<b>20</b>			<b>17,86</b>		<b>22424</b>

*Басуға дейінгі цехтың ауданын есептеу*

Жабдықтың алатын ауданы:  $S = 17,86 \text{ м}^2$

Басуға дейінгі цехының ауданын табу үшін келтіру коэффициенті – 4

$S = 17,86 \times 4 = 71,44 \text{ м}^2$

Қабырға қалыңдығына, қызмет көрсету бөлмелеріне 25% алады.

$71,44 \times 0,25 = 17,86 \text{ м}^2$

Басуға дейінгі цехының жалпы ауданы:

$S = 17,86 + 71,44 = 89,3 \text{ м}^2$

*Басуға дейінгі цехтың өндірістік ауданын есептеу*

Жабдықтардың бағасы:  $22424 \times 0,20 = 4485 \text{ мың тг}$

15% монтажға және тасымалдау үшін

$(22424 \text{ мың тг} + 4485 \text{ мың тг}) \times 0,15 = 4036 \text{ мың тг}$

$22424 \text{ мың тг} + 4485 \text{ мың тг} + 4036 \text{ мың тг} = 30945 \text{ мың тг}$

Амортизациялық есептеу – 9%



Амортизациялық есептеу (3) формулада көрсетілген:

$$C_a = K_{\text{жабд}} \cdot P / 100\% \quad (3)$$

$$C_a = 30945 \text{ мың тг} \times 9 / 100\% = 2785 \text{ мың тг}$$

$$\text{Басуға дейінгі цехының жалпы ауданы: } 17,86 + 71,44 = 89,3 \text{ м}^2$$

$$1 \text{ м}^2 \text{ бағасы} - 225 \text{ мың тг}$$

$$89,3 \times 225 \text{ мың тг} = 20093 \text{ мың тг}$$

*Жалпы базадан ғимаратты жөндеуге бөлінеді – 3%*

$$20093 \text{ мың тг} \times 0,03 = 603 \text{ мың тг}$$

$$\text{Жалпы шығын: } 20093 \text{ мың тг} + 603 \text{ мың тг} = 20996 \text{ мың тг}$$

*Басуға дейінгі цехының жабдықтар қуатын есептеу*

Цехтың жабдықтар қуатының есептеулері 15-кестеде көрсетілген.

### 15 Кесте – Басуға дейінгі цехтың жабдықтар есептелген қуаты

Жабдықтың маркасы	Саны	Қуаты, кВт	
		біреу	барлығы
ASUS Vivo V 220 комп	5	0,065	0,325
Canon 900F сканер	1	0,015	0,015
SummaCut плоттер	1	0,06	0,06
OKI C910 принтер	1	0,75	0,75
UV Ctp Cron	1	5,3	5,3
<b>Барлығы:</b>			<b>6,45</b>

*Басуға дейінгі цехының энергия шығынын анықтау*

Басуға дейінгі цехының энергия шығынын анықтау (4) формулада көрсетілген:

$$S_э = U \cdot П \cdot F_{об} \cdot Ц \quad (4)$$

$$S_э = 6,45 \times 0,9 \times 2393 \times 24,88 = 345 \text{ мың тг}$$

мұндағы  $S_э$  – электр энергиясының шығыны;

$U$  – жабдықтың қуаттылығы, кВт;

$П$  – жабдық қуатының жоғалту коэффициенті (0,8-0,9);

$Ц_э$  – 1 кВт/сағ электр энергиясының бағасы – 24,88 кВт/сағ.

*Басуға дейінгі цехтың жарықтандыру энергиясын анықтау.* 1 м<sup>2</sup> ауданға 8 Вт күндізгі жарық шамы қолданылады, сонда  $U = \text{берілген цех ауданы} \cdot 0,08$  кВт. Басуға дейінгі цехтың жарықтандыру энергиясын анықтау (5) формулада көрсетілген:

$$U_1 = U \cdot T_2 \cdot K_ч / K_y \cdot K_d \quad (5)$$

$$U \times 0,08 = 89,3 \times 0,08 = 7 \text{ кВт}$$

мұндағы  $U_1$  – барлық шамдардың орнатылған қуаты, кВт;  
 $T_q$  – шамдардың жану сағатының саны (1000);  
 $K_q$  – уақытша жану коэффициенті (0,8);  
 $K_y$  – трансформаторлар мен желілердің ПЭК-і (0,94);  
 $K_g$  – жарықтану коэффициенті (1);

$$U_1 = 7 \times 1000 \times 0,8 / 0,94 \times 1 = 5957 \text{ кВт}$$

*Басуға дейінгі цехтың жарық энергиясын есептеу.* Басуға дейінгі цехының жарық энергиясы (6) формула арқылы анықталады:

$$S_{\text{ж.э.}} = U_1 \cdot 24,88 \text{ кВт/сағ} \quad (6)$$

$$S_{\text{ж.э.}} = 5957 \times 24,88 = 1482 \text{ мың тг}$$

*Басуға дейінгі цех бойынша шығындар тізімі.* Басуға дейінгі цехының техника-экономикалық көрсеткіштері 16-кестеде көрсетілген.

## 16 Кесте – Басуға дейінгі цехтың техника-экономикалық көрсеткіштері

Аталуы	Мәні
Жалпы (пайдалы) басуға дейінгі цехтың ауданы, м <sup>2</sup>	89,3
Жұмыс ауданы, м <sup>2</sup>	71,44
Негізгі жабдықтың саны	9
Күрделі қаржы, мың тг	20996
Олардың арасындағы жабдыққа кеткен күрделі қаржы, мың тг	22424
Айлық айналма қаржы, мың тг	345
Жылғы өнімнің көлемі, форма	72960
Негізгі жұмысшылар саны, адам	10
Бір бұйымның өз құны, тг	4010

### 1.7 Қойма шаруашылығы

Өз уақытында қағазбен, қатырмамен, бояумен және басқа да материалдармен қамтамасыз ету үшін және материалдарды, баспа қағаздарын сақтау үшін қойма шаруашылығы жобаланады. Өндіріс қоймалары келесі белгілері бойынша жобаланады:

- өндірістің функционалдық жүйесінің бөлінуі бойынша қойма орнын белгілеу;
- қойма сақтау мерзімінің орындалуы бойынша;
- сақтау объектісінің түрлеріне қарай (арнайы, әмбебап);

- белгіленуі бойынша (өндірістік, материалдық);
- сақтау түріне қарай (қағаздар және ЖЖМ);
- құрылымына қарай (ашық, жартылай жабық, жабық);
- техникалық жабдықтануы бойынша механикаландырылған және механикаландырылмаған).

Материалдар қоймасында әртүрлі шикізаттар мен материалдарды сақтайды. Өндірістің ішінде ЖЖМ-дан басқа материалдар сақталады.

ЖЖМ қоймасы арнайы нормалар бойынша жобаланады.

*Материалдар қоймасы.* Полиграфиялық өндірістің материалдар қоймасы универсалды болып табылады. Онда өндірісте қолданылатын материалдардың барлық түрі сақталынады: түптеу материалдары, баспа бояулары, желімдер, химикаттар, артық заттар. Ондағы материалдардың қасиеттері өзгермеу үшін бір қалыпты және жылулық құрылысы бар өндіріс ішінде орналастырады. Материалдар қоймасының ауданы 36 м<sup>2</sup>.

Бір тонна дайын өнімге 3 м<sup>2</sup> есептеледі. Қоймалар аудандарының тізімі 17-кестеде көрсетілген [8].

### 17 Кесте – Қоймалар аудандарының тізімі

Қойманың аты	Ауданы, м <sup>2</sup>
Материалдық қойма	36
Дайын өнім қоймасы	18
ЖМЦ (опто-волоконды жүйе)	39
Техникалық және технологиялық операцияларды бақылау	27
<b>Барлығы:</b>	<b>120</b>

*Жөндеу-механикалық цех.* Жөндеу-механикалық қызметі технологиялық, инженерлік, өндірістік торларды, өндірістік жиһазды жұмыс жағдайында ұстау және полиграфиялық өндірістің барлық ағындарының жұмыстарын ұйымдастыруымен ерекшеленеді.

Жабдықты профилактикалық және жөндеу жұмыстары жоспарлы ескертпе жөндеу (ППР) жүйесі бойынша өндіріледі.

